

**Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің түзеу мекемелері "Еңбек-Астана" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының "Еңбек-Көкшетау" еншілес мемлекеттік кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 8 қаңтардағы N 14 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің түзеу мекемелері "Еңбек-Астана" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының "Еңбек-Көкшетау" еншілес мемлекеттік кәсіпорны оны Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің түзеу мекемелері "Еңбек-Көкшетау" республикалық мемлекеттік кәсіпорны етіп қайта құру жолымен қайта ұйымдастырылсын.

2. Құрылатын кәсіпорынның мемлекеттік басқару органы болып Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті белгіленсін.

3. Құрылатын кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаты қылмыстық-атқару жүйесі саласындағы өндірістік қызметті түзеу мекемелеріндегі бас бостандығынан айыруға сотталғандарды еңбекке тарта отырып жүзеге асыру деп белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) құрылатын кәсіпорын жарғысының бекітілуін және әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

5. **Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.**

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*